

Сыни ойлау және философия бойынша республикалық олимпиаданы өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленген және іс-шараның мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін, өткізу мен қатысу тәртібін, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау рәсімін айқындайды.

2.1. 9-11(12) сынып оқушыларына арналған Сыни ойлау және философия бойынша республикалық олимпиада (бұдан әрі - Олимпиада) мектеп оқушылары арасындағы жыл сайын өткізілетін зияткерлік сайыс.

3.1. Олимпиаданың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

4.4. Олимпиада 4 кезеңде өткізіледі (өткізу тілі – ағылшын тілі):

1-кезең – мектепішілік кезең (2026 жылғы қазан);

2-кезең – аудандық кезең (2026 жылғы қазан);

3-кезең – облыстық кезең (2026 жылғы қараша);

4-кезең – республикалық кезең (2027 жылғы қаңтар).

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

- Қазақстандағы орта мектепте философиялық білім беруді дамытуға және жоғары сынып оқушыларының философияға деген қызығушылығын арттыруға ықпал ету;
- білімге құмарлықты, сыни мен шығармашылық ойлауды дамыту;
- ғылымды, өнерді және әлеуметтік өмірді философиялық тұрғыдан түсінуге жағдай жасау;
- Қазақстан мен қазіргі әлем мәселелерін этикалық тұрғыдан түсіну қабілетін қалыптастыру;
- жоғары сынып оқушыларында өздігінен ойлауды және жауапкершілікті дамыту.

3. Олимпиаданы ұйымдастыру

3.1. Ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрамына «Дарын» РҒПО өкілдері кіреді.

3.2. Ұйымдастыру комитеті Олимпиада кезеңдерін дайындау мен өткізуді тікелей басқарады, Олимпиаданың барлық кезеңдерін

тапсырмалармен қамтамасыз етеді, оларды бағалау критерийлерін айқындайды, қазылар алқасының құрамын, Республикалық кезеңге қатысушылардың тізімін бекітеді, қорытынды шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

4. Олимпиада кезеңдерінің қатысушылары

4.1. Олимпиадаға жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – «НИШ» ДББҰ), республикалық білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – РББҰ) 9–11 (12)-сынып оқушылары қатыса алады.

4.2. Олимпиадаға ағылшын тілін меңгерген (тіл деңгейі B1-ден төмен емес) оқушылар жіберіледі.

4.3. Мектепшілік кезеңнің нәтижелері бойынша әрбір мектеп аудандық кезеңге қатысу үшін 6 оқушыны (9, 10 және 11 (12)-сыныптардан 2 оқушыдан) ұсынады.

4.4. Олимпиаданың аудандық кезеңінің қорытындысы бойынша сыныптарына, аудандары мен облыстарына қарамастан, республика бойынша жалпы есепте ең көп балл жинаған 1000 қатысушы облыстық кезеңге іріктеледі. Жинаған баллдарының саны негізінде қатысушылардың дәл көрсетілген санын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті әділдік және академиялық қағидаттарды басшылыққа ала отырып, Олимпиаданың келесі кезеңіне қатысушылардың нақты тізімі туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте келесі кезеңге қатысушылар саны осы тармақта белгіленген саннан 10 пайыздан артық ауытқымауы тиіс. Ұйымдастыру комитетінің шешімі хаттамамен ресімделеді және тиісті кезеңнің нәтижелерімен бірге жарияланады.

4.5. Олимпиаданың облыстық кезеңінің қорытындысы бойынша сыныптарына, аудандары мен облыстарына қарамастан, республика бойынша жалпы есепте ең көп балл жинаған 100 қатысушы республикалық кезеңге іріктеледі. Жинаған баллдарының саны негізінде қатысушылардың дәл көрсетілген санын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті әділдік және академиялық қағидаттарды басшылыққа ала отырып, Олимпиаданың келесі кезеңіне қатысушылардың нақты тізімі туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте келесі кезеңге қатысушылар саны осы тармақта белгіленген саннан 10 пайыздан артық ауытқымауы тиіс. Ұйымдастыру комитетінің шешімі хаттамамен ресімделеді және тиісті кезеңнің нәтижелерімен бірге жарияланады.

4.6. Алдыңғы кезеңдерден өтпестен, осы Ереженің 14-тармағында белгіленген қатысушылар санынан тыс, Олимпиаданың республикалық кезеңіне ағылшын тілін меңгерген 9–11 (12)-сынып оқушыларының төмендегі санаттарына жататын қатысушылар жіберіледі:

1) 2026–2027 оқу жылының философия пәні бойынша олимпиадалық резервтің күзгі оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар. Олардың тізімі

«Дарын» РҒПО-ның тиісті оқу-жаттығу жиындарын өткізу туралы бұйрығымен айқындалады;

2) 2025–2026 оқу жылының ағылшын тілі пәні бойынша республикалық олимпиадасының жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

5. Мектепішілік кезенді өткізу форматы мен тәртібі

5.1. Олимпиаданың мектепішілік кезеңі қазан айында офлайн форматта тестілеу түрінде өткізіледі. Тест ағылшын тіліндегі 20 сұрақтан (жабық және ашық түрдегі) тұрады және философиялық мәтіндер негізінде сыни оқу және сыни ойлау дағдыларын анықтауға бағытталған. Тестті орындау уақыты – 60 минут.

5.2. Өткізу орындарындағы мектепішілік кезеңге жауапты тұлғалар қатысушыларды жұмыс орындарымен және жауап парақтарымен қамтамасыз етеді, ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді, сондай-ақ Олимпиаданы өткізу үшін қажетті жағдайларды жасайды.

6. Аудандық кезенді өткізу форматы мен тәртібі

6.1. Олимпиаданың аудандық кезеңі Ұйымдастыру комитеті белгілеген күні Smart Daryn платформасында онлайн форматта тестілеу түрінде өткізіледі. Тест философиялық мәтіндер негізінде сыни оқу және сыни ойлау дағдыларын анықтауға бағытталған ағылшын тіліндегі 50 сұрақтан тұрады. Тестті орындау уақыты – 90 минут.

6.2. Тест сұрақтарының бір бөлігі бір дұрыс жауапты, ал екінші бөлігі бірнеше дұрыс жауапты таңдауды көздейді. Бірнеше дұрыс жауабы бар сұраққа қатысушы барлық дұрыс нұсқаларды белгілеп, бірде-бір қате нұсқаны белгілемеген жағдайда ғана жауап есепке алынады. Тесттің әрбір сұрағы ондағы дұрыс жауаптар санына қарамастан, 1 баллмен бағаланады.

6.3. Аудандық кезеңнің нәтижелері оны өткізгеннен кейін 48 сағат ішінде «Дарын» РҒПО-ның ресми сайтында жарияланады.

7. Облыстық кезенді өткізу форматы мен тәртібі

7.1. Олимпиаданың облыстық кезеңі Ұйымдастыру комитеті белгілеген күні Smart Daryn платформасында онлайн форматта тестілеу түрінде өткізіледі. Тест ағылшын тіліндегі 50 сұрақтан тұрады. Тестті орындау уақыты – 90 минут.

7.2. Облыстық кезеңнің тақырыбы мен дайындалуға арналған әдебиеттер тізімі аудандық кезеңнің нәтижелері жариялануымен қатар «Дарын» РҒПО-ның ресми сайтында жарияланады. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «НИШ» ДББҰ

және РББҰ аталған материалдарды аудандық кезеңнен өткен қатысушылардың назарына жеткізеді.

7.3. Тест сұрақтарының бір бөлігі бір дұрыс жауапты, ал екінші бөлігі бірнеше дұрыс жауапты таңдауды көздейді. Бірнеше дұрыс жауабы бар сұраққа қатысушы барлық дұрыс нұсқаларды белгілеп, бірде-бір қате нұсқаны белгілемеген жағдайда ғана жауап есепке алынады. Тесттің әрбір сұрағы ондағы дұрыс жауаптар санына қарамастан, 1 баллмен бағаланады.

7.4. Тест тапсырмалары жарияланған тақырып пен әдебиеттер тізімі негізінде құрастырылады және оқыған мәтінді түсінуді, авторлардың ұстанымдары мен дәлелдерін білуді, сондай-ақ оқыған материалды жаңа мысалдар мен жағдайларға қолдана білу дағдыларын анықтауға бағытталады.

7.5. Тест ешқандай қосымша материалдарды пайдаланбай орындалады. Тестілеу барысында қатысушыларға әдебиеттер тізіміндегі мәтіндерді, конспектілерді, сөздіктерді, анықтамалықтарды, бөгде электрондық құрылғыларды, Интернет желісін және жасанды интеллект жүйелерін пайдалануға тыйым салынады. Осы талапты бұзу қатысушының дисквалификациялануына әкеп соғады.

7.6. Облыстық кезеңнің нәтижелері оны өткізгеннен кейін 48 сағат ішінде «Дарын» РҒПО-ның ресми сайтында жарияланады.

8. Республикалық кезеңді өткізу форматы мен тәртібі

8.1. Олимпиаданың республикалық кезеңін өткізу күні Ұйымдастыру комитеті тарапынан белгіленеді.

8.2. Республикалық кезеңге қатысушылар ұсынылған мәтін негізінде ағылшын тілінде эссе жазады.

8.3. Эссеге қойылатын талаптар:

- көлемі – 500–700 сөз;
- эссе жазуға берілетін уақыт – 180 минут;
- эссе мәтінінде эссе авторына қатысты тікелей немесе кез келген жанама сілтемелер жасауға тыйым салынады.

8.4. Республикалық кезеңді қазылар алқасы бағалайды. Нәтижелер кезең өткізілгеннен кейін 2 апта ішінде «Дарын» РҒПО-ның ресми сайтында жарияланады.

9. Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын бағалау тәртібі

9.1. Мектепшілік кезеңді бағалау.

Мектепшілік кезеңнің жұмыстары қазылар алқасы мүшелері тарапынан дұрыс жауаптар базасы (жауаптар кілті) негізінде бағаланады.

9.2. Аудандық және облыстық кезеңдерді бағалау.

Тест тапсырмалары дұрыс жауаптар базасы (жауаптар кілті) негізінде бағаланады.

9.3. Республикалық кезеңді бағалау.

Эссе төмендегі талаптарға сәйкестігі бойынша бағаланады:

1) формальды критерийлер бойынша:

- сөздердің белгіленген ең жоғары санына сәйкестігі;
- эссе авторының жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтердің мәтінде болмауы;
- мәтіннің оқылмайтын және оны бірмәнді тануға мүмкіндік бермейтіндей болмауы;
- эссе жазуға негіз болған дәйексөзге сілтеменің болуы;

2) мазмұны келесі критерийлер бойынша бағаланады:

– тақырыптың өзектілігі – тақырыптың философиялық негіздері бар екендігі және оның өзектілігі көрсетіледі; қатысушы тақырыптың проблематикасын көрсетіп, түсіндіру үшін өмірден, өнерден, ғылымнан, саясаттан және т.б. мысалдар келтіреді;

– тақырыпты философиялық тұрғыдан түсіну – тақырып дәйексөзге сәйкес ашылады; тақырыпқа сай ұғымдар пайдаланылады; осы тақырып бойынша әртүрлі философиялық ұстанымдар көрсетіледі; тақырыпқа сәйкес ойшылдардың көзқарастары келтіріледі;

– аргументацияның нанымдылығы – қатысушы өзінің ұстанымын/тезисін анық әрі нақты тұжырымдайды; өзінің ұстанымын/тезисін қолдайтын логикалық тұрғыдан жүйелі дәлелдер келтіреді; баламалы ұстанымдарды/тезистерді ескеріп, оларға қарсы дәлелдер келтіреді;

– мазмұнның бірізділігі – эссе дәйексөзге, қатысушының аргументациясына және тақырыпты ашуға қатысы жоқ, өзара байланыспаған және ашылмаған пайымдауларсыз, бірізді дамиды ойды білдіреді;

– ерекшелік және тереңдік – қатысушы ой тарихында тақырып бойынша жалпыға белгілі ұстанымдарды қайталамайтын өзіндік көзқарасын тұжырымдайды; өз ұстанымын жан-жақты талдап, тақырыпты кеңінен ашады.

3) Қазылар алқасының әрбір мүшесі эссені 25 балдық жүйе бойынша бағалайды. Әрбір критерий 5 балмен бағаланады. Қазылар алқасының мүшесі эссенің әрбір критерийге сәйкестік деңгейіне қарай 0, 1, 2, 3,5, 4, 4,5 немесе 5 балл қоя алады.

4) Әрбір эссені қазылар алқасының 2 мүшесі тексереді. Бағалар арасындағы айырмашылық 6 балдан асқан жағдайда, эссені қазылар алқасының тағы бір мүшесі тексереді.

5) Эсселерді қазылар алқасы мүшелері бағалауды аяқтағаннан кейін, орташа бағасы шығарылады.

6) Орташа баға негізінде Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталады, сондай-ақ Философия бойынша халықаралық олимпиадаға (IPO) қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасы қалыптастырылады.

7) Олимпиаданың республикалық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломдармен марапатталады, қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Қатысушылар туралы ақпарат

ЖСН	Облыс / қала	Қатысушының толық аты-жөні (аты, әкесінің аты, тегі)	Сынып	Білім беру ұйымы	Ағылшын тілін білу деңгейі	Қатысушының электрондық поштасы	Мұғалімнің толық аты-жөні	Мұғалімнің ЖСН